

Успен ауданында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі N 284/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 қыркүйекте N 4021 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі N 79/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 26.04.2016 N 79/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына сәйкес жұмысқа орналасуға мұқтаж мүгедектердің жұмысқа орналасуына және жұмысқа қабылдануына көмек көрсету мақсатында Успен ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындар квотасы аудандағы жұмыс орындардың жалпы санының үш пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. "Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгіленген квота бойынша жұмыс орындарына орналастыру үшін мүгедектерді жіберу бойынша шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

Б. Жүсіпбаев